

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті	барлығы
		1	14

«БЕКІТЕМІН»

Бірінші проректор-
ОӘЖ жөніндегі проректор
Д.К. Нурмуханбетова
« 12 » 11 2025 жыл



**БАКАЛАВРИАТ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН АҒЫМДЫҚ, АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ
ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША БІЛІМДІ БАҚЫЛАУДЫ
ЖҮРГІЗУ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Әзірлеген		Келісілген		Бекітілген
А.К.Калабаева		Д.Р. Пя		ҚазСТА ОӘК шешімінің хаттамасы № <u>3</u> , <u>31.10.2025</u>
күні	қолы	күні	қолы	Күшіне енгізілді
<u>31.10.2025</u>		<u>31.10.25</u>		Бұйрық № <u>221-17</u> <u>12</u> . <u>11</u> . 2025 жыл

Алматы – 2025 жыл

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
		Басылым 01	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Беті	барлығы
		2	14

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Аңдаулар және анықтамалар	3
5 Ағымдық және аралық бақылау. жіберілу рейтингісі	4
6. Емтихан өткізу	4
7. Емтихан өткізу тәртібі	5
7.1) Билеттер бойынша ауызша емтихан.	6
7.2) Билеттер бойынша жазбаша емтихан.	6
7.3) Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан.	10
7.4) Жоба түріндегі емтихан	
8. Апелляция	11
9 Өзгерістер	12
10 Сақтау және тарату	12
Қосымшалар	13

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
		Басылым 01	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Беті 3	барлығы 14

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қазақ спорт және туризм академиясы» КЕАҚ-да бакалавриат студенттерінің ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімдерін бақылауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) (бұдан әрі – Ұсынымдар), 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы, (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру стандарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, ҚазСТА КЕАҚ Академиялық саясатымен сәйкес әзірлеген.

1.2. Осы Нұсқаулық ҚазСТА-ның оқу процесінде пайдалану мақсатында бакалавриат студенттеріне ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізуге қойылатын бірыңғай талаптарды анықтайды.

1.3. Бейнелекция – бұл техникалық жабдықты немесе аудио-бейне жабдығын пайдалана отырып, дәріс материалын көрсетудің көрнекі түрі.

1.4. Оқу үдерісіне арналған бейнедәрістерді әзірлеу, бейне түсіру және монтаждау бойынша жалпы жұмысты кафедралар, оқу басқармасы, инновациялық технологиялар бөлімі және ҚазСТА медиа орталығы үйлестіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл ұсыныстар келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен
АС ҚазСТА 1/01-23	ҚазСТА Академиялық саясаты
РӨС ҚазСТА 2/12-23	Оқу процесі
Е ҚазСТА 3/12-23	ҚазСТА ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу туралы ереже

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нұсқаулықта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Емтихан	білім алушының білімін, іскерлігін және дағдысын тексеру түрі.
Апелляция	бұл емтиханды өткізудің белгіленген тәртібін бұзу немесе емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы студенттің жазбаша өтініші.

4. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылар құрамы.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті	барлығы
		4	14

Нұсқаулық	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы.
ҚазСТА	КЕАҚ «Қазақ спорт және туризм академиясы».
СҚКО	Студенттерге қызмет көрсету орталығы
ОБ	Оқу басқармасы
МЭ	Мемлекеттік емтихан
ҚА	Қорытынды аттестация
ОТ	Офис тіркеуші
Бірінші проректор-ОӘЖ жөніндегі проректор	Бірінші проректор- Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
АБ 1 және АБ2	Аралық бақылау 1 және 2
ЖР1 және ЖР2	Жинақтау рейтинг 1 және 2
ЖР	Жіберілу рейтингі
ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім
ЖБ	Жоғарғы білім

5. АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ. РҰҚСАТ БЕРУ РЕЙТИНГІ

5.1. Сабақтың барлық түрлерін ескере отырып, ағымдағы үлгерімді бақылауды бағалауды ПОҚ ЖОО ААЖ базасындағы білім беру порталының электрондық журналдарында сабақтың қорытындысы бойынша 100 балдық шкала бойынша қояды.

5.2. Ағымдағы үлгерімді бақылау саны пәннің силлабусына сәйкес келеді.

5.3. 1 және 2 (АБ 1 және АБ 2) аралық бақылаулардың бағалары 7 және 15 аптада ЖОО ААЖ базасындағы білім беру порталының электрондық журналдарына 100 балдық шкала бойынша қойылады.

5.4. Ағымдағы үлгерімді бағалауды есептеу ағымдағы бақылаудың барлық бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде білім беру порталында автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

5.5. «Жіберілу рейтингісін (ЖР) бағалауы ағымдағы үлгерімнің орташа арифметикалық бағасын (қорытынды бағалаудың 40%) және АБ1 және АБ2 бағаларын (қорытынды бағалаудың 20%) ескереді.

5.6. «Жіберілу рейтингісі қорытынды бағаның 60 % құрайды.

5.7. Аралық бақылауға жіберу ведомостарын басып шығаруды Офис тіркеуші емтиханға дейін 1 күн бұрын жүзеге асырады.

6. ЕМТИХАН ӨТКІЗУ

Емтихандар off-line форматында өткізіледі:

- бекітілген кестеге сәйкес;
- әр түрлі формада:
 - 1) билеттер бойынша ауызша;
 - 2) билеттер бойынша жазбаша;
 - 3) компьютерлік тестілеу;
 - 4) практикалық емтихан;
 - 5) жобаны қорғау;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті	барлығы
		5	14

- ағымдағы оқу жылының қорытынды бақылау нысандарына сәйкес.

7. ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ РӘСІМДЕРІ

7.1. Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу рәсімдері ҚазСТА-ның академиялық саясаты мен қорытынды бақылау тапсыру нысандарын бекіту туралы Ғылыми кеңес шешімі негізінде дайындалды.

7.2. Емтихан өткізу уақытын мен аудиториясын объективті себептер бойынша өзгертулері оқу басқармасымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

7.3. Емтиханға жіберу декандардың өкімдері (1-қосымшадағы нысан) мен жіберілу рейтингі ведомостеріне сәйкес қатаң тәртіпте жүзеге асырылады.

7.4. Оқу ақысы бойынша қарызы бар білім алушы емтихандарға жіберілмейді. Емтихан сессиясына жіберу туралы өкімге кірмеген білім алушыларды кейіннен жіберу қарызды өтеу кезінде факультет деканының жазбаша рұқсаты (2-қосымшадағы форма) бойынша жүзеге асырылады.

7.5. Емтихан сессиясын аяқтағанға дейін оған рұқсат алмаған білім алушылар академиялық борышкер болып табылады және оны жазғы семестр кезеңінде ақылы негізде өтейді.

7.6. Емтиханға барлық жіберілген білім алушылардың, оның ішінде жеке кестелер бойынша білім алушылардың қатысуы қатаң міндетті.

7.7. Білім алушы кестеде белгіленген мерзімдерде объективті себептер бойынша (ауру, жарыстар, жиындар) емтиханға қатыса алмаған жағдайда, деканатты дер кезінде хабардар етуге және емтиханды ертерек немесе кеш мерзімге ауыстыру туралы Бірінші проректор-ОӘЖ жөніндегі проректордың атына өтініш беруге тиіс.

7.8. Емтихан мерзімдерін ауыстыру деканның ауыстыру туралы өкімі шығарылатын негізде Бірінші проректор-ОӘЖ жөніндегі проректордың жазбаша рұқсатымен растайтын құжаттар ұсынылған кезде жүргізіледі.

7.9. Дәлелді себепсіз емтиханға келмеу қанағаттанарлықсыз (FX) бағалауға теңестіріледі. Бұл жағдайда білім алушы емтиханға қайта тәркеліп, оны академиялық күнтізбеге сәйкес FX қайта тапсыру кезеңінде тапсырады.

7.10. Студент жазбаша емтиханға кешіккен жағдайда (15 минуттан артық емес рұқсат етіледі) емтиханды аяқтау уақыты ұзартылмайды.

7.11. Емтихан барысында Академиялық адалдық қағидаттары сақталуы тиіс. Емтихан тапсырушылар қағаз және электрондық ақпарат көздерін пайдаланбауы керек, өздерінің нақты білімдері мен дағдыларын көрсетулері керек.

7.12. Емтиханда білім алушыға пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (силлабус) пайдалануға рұқсат етіледі.

7.13. Емтихан аяқталғаннан кейін ПОҚ олардың нәтижелерін емтихан өткізілетін күні, жазбаша емтихан кезінде келесі күннен кешіктірмей Platonus ААЖ электрондық ведомосына енгізеді.

7.14. Қорытынды бағалауды есептеу Офис тіркеушіде автоматтандырылған режимде жүргізіледі. Есептеу нәтижелері бойынша қорытынды ведомость шығарылады.

7.15. Оқытушы- емтихан алушы Офис тіркеушісінде қорытынды ведомостарға қол қояды

7.16. Емтихан сұрақтары, жауап нұсқаларын көрсетілмеген тест сұрақтары білім алушыларға оқу семестрінің басында ақпараттық стендтерде, Platonus ААЖ білім беру порталының жеке кабинеттерінде және силлабустарда орналастыру арқылы жеткізіледі.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
		Басылым 01	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Беті	барлығы
		6	14

7.1) Билет бойынша ауызша емтихан

Ауызша емтиханды кафедра отырысының шешімімен бекітілген емтихан комиссиясы қабылдайды: тиісті топта сабақ өткізген ПОҚ қатарынан 1-ші емтихан алушы, кафедра меңгерушісінің тағайындауы бойынша ПОҚ қатарынан 2-ші, (3-ші) емтихан алушы.

Емтихан басталғанға дейін емтихан алушылар деканның сессияға жіберу туралы бұйрығын алады.

Емтиханға дейін емтихан алушылар кафедраларда бекітілген емтихан билеттерін және факультеттің мөрімен жауап парақтарының бланкілерін алады.

Ауызша емтихан кезінде студентке дайындалу үшін 20-30 минут уақыт беріледі. Бір уақытта аудиторияда ауызша емтиханға қатысатын студент саны 8-ден аспау керек.

Емтихан алушының ауызша жауабы жауап парағымен бірге жүруі керек, онда студент өзінің тегін, билет нөмірін, сұрақтарын және жауабының қысқаша мазмұнын көрсетеді.

Емтихан аяқталғаннан кейін емтихан алушы деканатқа оқу жылы аяқталғанға дейін сақталуы тиіс жауап парақтарын өткізеді, содан кейін есептен шығарылады. Емтихан билеттері кафедрада сақталуға тиіс.

Толық 4 жылдық оқу мерзімімен, ТжКБ негізінде қысқартылған 3 жылдық оқу мерзімімен, ЖОО негізінде қысқартылған 2 жылдық оқу мерзімдеріндегі студенттері үшін ауызша емтихан өткізу форматы бірінші проректор – ОӘЖ проректорының өкіміне сәйкес жүргізіледі.

Толық 4 жылдық оқу мерзімімен, ТжКБ негізінде қысқартылған 3 жылдық оқу мерзімімен, ЖОО негізінде қысқартылған 2 жылдық оқу мерзіміндегі ауызша емтихандарды өткізу байланыс формасында жүзеге асырылады.

7.2) Билет бойынша жазбаша емтихан

Жазбаша емтихан рәсімі кестеге сәйкес емтихан алушылар, әдетте, емтихан тобында сабақ өткізген оқытушының қатысуынсыз, ОБ, ОР қызметкерлерінің және прокторлар ұйымдастыруымен өткізіледі.

Емтихан алушылардың міндетіне деканның өкіміне және рұқсат рейтингінің қағаз тізімдемесіне сәйкес емтиханға жіберуді жүзеге асыру, емтихан алушыларға билет таңдауды ұсыну, емтихандағы тәртіпті қамтамасыз ету және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау кіреді.

Емтихан алушылар жазбаша емтиханның билеттері мен жауап парақтарының бланкілерін ОӘБ-нен, тиісті кафедрадан жіберілу рейтингінің қағаз ведомостарын алады.

Жазбаша емтиханның жауап парақтарында емтихан алушының тегінің орнына код қойылады. Жазбаша емтиханның ұзақтығы 60 минутқа дейін.

Бір уақытта аудиторияда жазбаша емтиханға 60-тан аспайтын студент қатыса алады. Билеттердің санынан асатын студенттер санымен емтиханды өткізу кезінде екі және одан да көп билеттер жиынтығы ұсынылады.

Емтихан рәсімі аяқталғаннан кейін емтихан алушылар тиісті кафедраға билеттері бар жауап парақтарын тексеруге тапсырады.

Студенттердің жазбаша жұмыстарын кафедра меңгерушісі бекіткен тізімге сәйкес пән оқытушылары тексереді. Жауап парақтарындағы жазбаша жұмыстарды тексерушілер 100 балдық шкала бойынша баға қояды.

Жауап парақтарында қойылған бағалар Platonus ААЖ электрондық журналдарына емтихан бағаларын беретін оқытушымен келісіледі.

Тексерулер мен келісулер аяқталғаннан кейін емтихан тобында сабақ өткізген оқытушы ОӘБ-ге жауап парақтарының кодтарының кілттерін алады және емтихан нәтижелерін білім

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті	барлығы
		7	14

алушының тиісті тегі кодына қағаз және электрондық емтихан ведомосына енгізеді. Оқытушы толтырған ведомость Офис тіркеушісіне беріледі.

Жазбаша тапсырмаларды тексеруді аяқталғаннан кейін кафедра лаборанты оқу жылының соңына дейін сақталуға жататын және кейін есептен шығарылатын жауап парақтарын тиісті деканатқа береді.

Бірінші проректор-ОӘБ жөніндегі проректордың бастамасы бойынша қойылған бағаға жазбаша жауап мазмұнының сәйкестігін айқындауға жауаптар парақтарын қайта тексеру жөніндегі комиссия құрылуы мүмкін. Емтихан билеттері емтихан өткізілгеннен кейін кафедраға қайтарылады.

Толық 4 жылдық оқу мерзімімен, ТжКБ негізінде қысқартылған 3 жылдық оқу мерзімімен, ЖОО негізінде қысқартылған 2 жылдық оқу мерзімдеріндегі студенттері үшін жазбаша емтихан өткізу форматы бірінші проректор – Бірінші проректор-ОӘЖ проректорының өкіміне сәйкес жүргізіледі.

Толық 4 жылдық оқу мерзімімен, ТжКБ негізінде қысқартылған 3 жылдық оқу мерзімімен, ЖОО негізінде қысқартылған 2 жылдық оқу мерзіміндегі жазбаша емтихандарды өткізу байланыс формасында жүзеге асырылады.

7.3) Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан **Дайындық кезеңі**

Емтиханға қатысу және тексеруден өту үшін web-камера қосылған академияның білім беру порталында тестілеу режимін қолдайтын компьютерді дайындап қою қажет. «Тестілеу» модулінде жұмысты бастамас бұрын, web-камера құрылғыңызға қосылғанына және белсенді күйде істеп тұрғандығына көз жеткізіңіз.

Ескерту: Бүкіл тестілеу өтіп жатқан уақыт ішінде тексеру жүргізілетіндіктен web-камера құрылғыңызға қосылып тұруы керек.

Бекітілген емтихан түрлерінің тізімін декандар WhatsApp қосымшасы арқылы хабарлап, білім беру порталында орналастырады.

Емтихан кестесі WhatsApp арқылы хабарланып, ҚазСТА білім порталында орналастырылады.

Егер сізде техникалық немесе басқа мәселелер туындаса, деканатқа хабарлап, емтиханды ауыстыру жөнінде өтініш беру керек.

Байланыста болу үшін сізде үнемі қосылып тұратын телефон және WhatsApp желісі арқылы байланыс бар болуы қажет.

Емтиханға дейін

Емтиханға кемінде 2 күн қалғанда Platonus білім беру порталына кіру үшін логин мен пароліңіз жұмыс істейтінін тексеру қажет.

Егер сіздің логин мен пароліңіз істемесе немесе оларды ұмытып қалған болсаңыз, студенттің тұлғасының идентификациясын анықтау үшін шұғыл деканатқа хабарласып, Platonus білім беру порталына кіру үшін ОТ маманынан жаңа логин мен пароль алуыңыз керек.

Емтихан күні логин мен парольді жоғалтуға және емтихан кезінде оларды қалпына келтіру әрекеттеріне тыйым салынады.

Емтихан күні

Емтихан басталатын уақытқа 10 мин қалғанда Platonus жүйесіне кіріңіз.

Web-камераны қосып, емтихан бітпегенше оны өшірмеңіз.

«Тестілеу» модулінің басты бетінің жоғарғы оң жақ бөлігінде, тағайындалған тестілеулер тізімінің үстінде тексеру және тестілеуден өту ережелерін қамтитын

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті	барлығы
		8	14

«Верификациядан (тексеруден) және тестілеуден өту ережелері» сілтемесі тұрады. Ереженің мазмұнымен танысу үшін сілтемені іске қосу қажет, одан кейін ережелер мәтіні бар бет ашылады.

Тестілеуден өтуге рұқсат беретін тексеру процессінен өту үшін тағайындалған тестілеу жолындағы «Тестілеуден өту» сілтемесін басу керек. Егер web-камера сіздің құрылғыңызға қосылмаған болса, көрсетілген сілтеме өту үшін белсенді болмайды және белсенді емес «Тексеруден өту» сілтемеге курсорды апарғанда: «Компьютеріңізге web-камера қосылмаған» қалқымалы кеңес-хабарлама көрсетіледі.

Берілген сілтемені іске қосқаннан кейін, тексеруден және тестілеуден өту туралы ережелермен танысу мәтіні, қалқымалы кеңес-хабарламада көрсетіледі. Тексеру процесін өту жөніндегі ережелермен танысқаннан кейін «Тексеру процесімен және тестілеу ережелерімен таныстым» өрісіне белгі қойып, «Жалғастыру» батырмасын басу керек. Ары қарай тексерулер процесі жүргізілетін «Тексеру» қалқымалы терезесі көрсетілетін болады:

- *Жеке картадағы сурет* – бұл аймақта ЖОО қызметкерлері жүктеген Сіздің жеке картаңыздағы сурет көрсетіледі. Бұл аймақ қалқымалы терезенің сол жақ бөлігінде шығу керек. Егер Сіздің жеке картаңызда суретіңіз жүктелмеген болса: «Сурет жүктелмеген» мәтіні көрсетіледі.

- *Тестіленушінің суреті* – бұл аймақта Сіздің автопортретіңіз (селфи) көрсетіледі.

Тексеру процесі басталу үшін Сізге web-камераның көмегімен селфи жасап, төменде тұрған «Суретке түсіру» батырмасын басу керек болады. Осыдан кейін бұл сурет «Тестіленушінің суреті» аймағында көрсетіледі. Егер web-камера компьютерге қосылмаған болса, батырма басылмайды. Егер түсірілген сурет тексеру талаптарына сәйкес келсе, «Жеке картадағы сурет» пен «Тестіленушінің суретін» тексеру процессін іске асыратын «Тексеру (верифицировать)» батырмасын басу керек. «Тексеру» батырмасы тандауға қолжетімді болады, егер:

- «Жеке картадағы сурет» аймағында сурет болмаса;
- «Тестіленушінің суреті» аймағында селфи түсірілмесе;
- Егер де Сіз тексеруден өтетін мүмкіншіліктердің барлығын қолданбасаңыз.

Бұл батырманы басқан кезде жүйеде процесті жалғастыру үшін танысу және растау туралы хабарлама көрсетіледі. «Тексеру» әрекетін растағаннан кейін жүйе «Жеке картадағы сурет» пен «Тестіленушінің суретін» тексеру процесін бастайды. Сәйкестендіру барысында,

- егер «Тестіленушінің суреті» аймағында адам бетінің бейнесі болмаса, жүйе: «Тексеруден өткен жоқ. Фотосуретте сіздің бетіңіз табылған жоқ» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді және тексеруден өту әрекетін тіркейді;

- егер «Тестіленушінің суреті» аймағында адам бетінің табиғи емес суреті бейнеленген болса, жүйе: «Тексеруден өткен жоқ. Фотосурет жандылығын тексеру сәтсіз аяқталды. Мүмкін, тестіленушінің суреті фотосуреттен түсірілген шығар» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді және тексеруден өту әрекетін тіркейді.

Тексеру процесі жүзеге асырылғаннан кейін жүйе бастапқы суретті (Жеке картадағы сурет) және түсірілген автопортретті «Нәтиже» өрісінде түс индикациясымен пайыздық қатынаста салыстыру нәтижесін көрсетеді (жасыл – тексеру сәтті өтті, қызыл – тексеру өтпеді). Сондай-ақ, «Қолданылған әрекеттер» өрісінде тексеруден өту әрекетін тіркейді және Сіз қолданған әрекеттердің санын, сондай-ақ тексеруден өту әрекеттерінің максималды санын – 10 көрсетеді.

Кезекті тексеруден өткеннен кейінгі қолданған әрекеттер саны рұқсат етілгенге тең немесе көп болса, тексеруден өту мүмкіндігі қолжетімсіз болады, яғни, «Тексеру» батырмасы

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
		Басылым 01	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Беті	барлығы
		9	14

жасырылады. Егер тексеру сәтті өтсе, тестілеуден өтуге мүмкіндік ашылады – «Тестілеуді өту» сілтемесі көрсетіліп, сол арқылы өткен кезде тестілеуден өту беті ашылады.

Егер тексеруден өтпесе, онда тестілеуден өтуге рұқсат берілмейді, және сәйкес хабарлама көрсетіледі: *«Тексеру процессінен өтпегендіктен, Сіз берілген тестілеуден өтуге жіберіле алмайсыз».*

Тұлғаны идентификациялау аяқталғаннан кейін, студент тестілеуді бастай алады.

Тестілеуді бастау үшін Сізге жеке кабинет мәзіріндегі оқу үдерісіне кіріп, тағайындалған тестілеуді таңдап, «Тестілеуді өту» батырмасын басу арқылы тестті бастау қажет.

Тестілеудегі сұрақ саны – 20, тестілеуге берілген уақыт – 40 минут. Барлық сұрақтарға 40 минут уақыт бітпей тұрып жауап беру керектігін ескертеміз (тестілеу уақыты экранның жоғарғы оң жақ бұрышында көрсетіледі), әйтпесе тек жауап беріліп үлгерген сұрақтар ғана есептеледі.

Тестілеу барысында сұрақтарды өткізуге және оларға оралуға, жауапты ауыстыруға болады. Маңыздысы, барлық сұрақ жауап берілуі керек.

Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін, «Аяқтау» батырмасын басу арқылы тестілеуді аяқтаңыз. Тестілеу аяқталғаннан кейін, жүйе тестілеудің ұпайларын және дұрыс/қате жауаптар саны көрсетілген бетті көрсетеді.

Тестілеу қорытындысы бойынша, егер студент 50 баллдан төмен, яғни 25-45 балл жинаса, ол тестілеуді қайта тапсыруға құқылы. Егер студент 20 баллдан аз жинаса, ол автоматты түрде жазғы семестре қалдырылады.

Жүйе тестілеуді өту уақыты барысында кездейсоқ түрде фототүсірілім жасап отырады және жасалған суретті бастапқымен, яғни, білім алушының жеке картадағы суретімен тексереді. Бүкіл уақыт ішінде беттің оң жақ бұрышында тестіленушіге оның видеосы бар аймақ көрсетіледі.

Тестілеу барысында web-камераның тестіленушінің жеке компьютерімен (немесе ноутбукпен) байланысы жоғалса, онда web-камера байланысы қалпына келмейінше, тестіленушіге сәйкес хабарлама көрсетілді: «Назар аударыңыз! Web-камера Сіздің құрылғыңызға қосылмаған. Тестілеуді жалғастыру үшін web-камераны қосыңыз».

Маңызды мәселе! Компьютердің (ноутбуктің) web-камерамен байланысы жоғалған уақытта тестілеуді жалғастыруға және жүйенің басқа компоненттеріне өтуге тыйым салынады, сонымен қатар тестілеуге бөлінген уақыт ТОҚТАТЫЛМАЙДЫ.

Байланыс нысанында өтетін компьютерлік тестілеу емтиханының жалпы ережелері мен талаптары

Байланыс нысанында өтетін компьютерлік тестілеу «компьютерлік тестілеу» бақылау нысаны бар оқу жоспарының пәндері бойынша барлық курстар мен оқу түрлерінің студенттері арасында жүргізіледі.

Компьютерлік тестілеу кафедрада әзірленген және сараптамадан өткен тестілеу тапсырмаларының негізінде өткізіледі. Қазақ және орыс тілінде тестілеу тапсырмалары бірдей болады.

Компьютерлік тестілеудің басталуы мен аяқталуы, нұсқаулыққа сәйкес тестілеуге бөлінген уақытпен анықталады.

Компьютерлік тестілеуге рұқсат тізімдемеге (ведомость) сәйкес беріледі. Компьютерлік тестілеуден уақытысында белгілі бір себептермен өтпеген студенттер, ОТ құрған қосымша кесте бойынша өтеді.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті	барлығы
		10	14

Оқу басқармасы ПОҚ қатарынан емтихан кезекшілерін (прокторларын) тағайындай отырып, емтихандарды өткізуді ұйымдастыру және бақылау үшін екі апта бұрын емтихандар кестесін жасайды.

Емтиханды өткізуді бақылайтын кезекші оқытушының (проктордың) емтиханға қатысуы міндетті:

Емтихан басталғанға дейін он минут бұрын аудиторияның дайындығын тексереді. Оқу тобының білім алушыларын бір уақытта компьютерлік класстарға кіргізіп, әр компьютерге бір адамнан отырғызады.

Білім алушылардың сөмкелері, кітаптары, ұялы телефондары және басқа да бөгде заттары кіре берісте немесе аудитория ішіндегі кезекші оқытушының (проктордың) үстелінің жанында қалдырылуын бақылайды.

Отырғызылғаннан кейін білім алушыларға тестілеуді өткізу нұсқаулығымен танысу қажеттілігі туралы хабарлайды. Білім алушыларға тыйым салынған мәселелерді ескертеді:

- Отырған орнын ауыстыруға;
- Электронды жазу дәптерлерін, ұялы телефондармен және т.б. қолдануға;
- Әңгімелесуге, шпаргалка қолдануға (шпаргалка қолданған білім алушы емтиханнан шығарылады – тізімдемедегі бағанда шығарылу себебі көрсетіледі және шығарылу акті құрастырылады. Шығарылу актінде кезекші оқытушының қолы қойылады. Білім алушының шпаргалкасы емтиханның тізімдемесіне тіркеледі. Білім алушы шпаргалка пайдаланған және емтиханнан шығарылған пән «FX» болып бағаланады және емтихан сессиясы біткеннен кейін ақылы түрде қайта тапсыруға жатады);
- Аудиториядан емтихан уақытында шығуға (емтихан барысында бөгде адамдарға аудиторияға кіруге тыйым салынады – аудиторияға тіркеуші, жетекшілік ететін проректорлар кіре алады).

Компьютер «қатып қалған» немесе басқа техникалық ақауларға байланысты істемей қалған жағдайда кезекші АТ бөлімінің маманына хабарлайды;

Білім алушы емтиханды өткізу ережелерін бұзған кезде білім алушы емтиханнан шығарылады, «Емтихан өткізу тәртібін бұзу туралы акт» толтырылады және танысу туралы қол қойылады;

Тестілеу аяқталғаннан кейін қорытынды тізімдемелерді «Platonus» бағдарламасынан Офис-тіркеуші маманы басып шығарып, оқытушыға қол қойдыртады.

7.4) Жоба қорғау түріндегі емтихан

Жоба қорғау түріндегі емтиханды кафедра отырысының шешімімен бекітілген емтихан комиссиясы қабылдайды: 1-экзаменатор – тиісті топта сабақ жүргізген оқытушылардың қатарынан, 2-(3-) экзаменатор – кафедра меңгерушісінің тағайындауымен ПОҚ қатарынан.

Емтихан басталар алдында экзаменаторлар деканның сессияға жіберу туралы өкімін алады.

Жеке жобаны қорғау барысында студенттің сөйлеу уақыты, әдетте, 5–7 минутты құрайды, ал топтық жобада барлық қатысушылар үшін 30 минутқа дейін уақыт бөлінеді.

Емтихан тапсырушының жауабы 8–12 слайдтан тұратын презентациямен сүйемелденуі тиіс. Презентацияда жобаның мақсаты, міндеттері, өзектілігі, негізгі кезеңдері мен нәтижелері көрсетілуі, мазмұны құрылымды, мәтіні аз және көрнекі болуы қажет.

Емтихан аяқталғаннан кейін экзаменатор студенттердің презентацияларын кафедраға тапсырады. Олар оқу жылының соңына дейін сақталады және кейін жойылады.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті 11	барлығы 14

Толық 4 жылдық оқу мерзімімен, ТЖКБ негізінде қысқартылған 3 жылдық оқу мерзімімен, ЖОО негізінде қысқартылған 2 жылдық оқу мерзімдеріндегі студенттері үшін жоба қорғау түріндегі емтихан Бірінші проректор – оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың өкіміне сәйкес ұйымдастырылады.

Жоба қорғау емтихандары дәстүрлі (контактты) форматта өткізіледі.

Жобаны рәсімдеу және қорғау бойынша толығырақ ақпаратпен ҚазСТА сайтында орналастырылған ЕҚазСТА 3/88-25 «Жоба түріндегі емтихан өткізу әдістемелік нұсқаулығында» танысуға болады.

8. АПЕЛЛЯЦИЯ

8.1. Білім алушылардың аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау емтихандарының нәтижелерін апелляцияға беруге құқығы бар.

8.2. Апелляциялық комиссия кафедралар бөлінісінде ПОҚ арасынан ҚазСТА бұйрығымен құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары, әдетте, кафедра меңгерушілері болады.

8.3. Апелляциялық комиссияның құрамы бойынша бұйрықты ОБ енгізеді:

1) бітіруші кафедралар меңгерушілерінің ұсынуы бойынша оқытудың барлық нысандары бойынша емтихан сессиялары кезеңіне;

2) Қазақстанның қазіргі тарихы пәні бойынша әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы меңгерушісінің ұсынысы бойынша, Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы бойынша мемлекеттік емтихан басталғанға дейін;

3) қорытынды аттестаттау бойынша, тиісті бітіруші кафедралар меңгерушілерінің ұсыныстары негізінде қорытынды аттестаттау басталғанға дейін;

8.4. Апелляция рәсімі бақылау нәтижелерімен келіспеген білім алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады;

8.5. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылар емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляциялық комиссия төрағасының атына, МЕ және КА бойынша Академия президентінің атына өтініш жазады;

8.6. Білім алушылардың емтихан нәтижелерін апелляциялауға өтініштері (барлық форматтар) академияның СҚКО-да «білім алушылардың өтініштерін тіркеу журналында» тіркеледі.

8.7. СҚКО -дан білім алушының өтініші ОБ апелляциялық комиссияға беріледі.

8.8. Берілген өтініш негізінде апелляциялық комиссия мәселені қарайды және бақылау нәтижелерін өзгерту немесе апелляциядан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Апелляциялық комиссияның нәтижелері хаттамамен ресімделеді;

8.9. Апелляцияны оң қараған кезде апелляциялық комиссия шешімінің хаттамасы негізінде ОР маманы білім алушыға жеке емтихан ведомосін ресімдейді, ол негізгі емтихан ведомосіне қоса беріледі.

8.10. Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда қорытынды аттестаттау нәтижелері Қорытынды аттестаттау мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді, бірінші хаттаманың нәтижелері «Бағалау қайта қаралады» деген жазуы бар, _____ беттегі «____» _____ 202__ж. № __ хаттамамен және Қорытынды аттестациялау комиссия мүшелерінің қол қоюымен өтеледі.

8.11. Аралық және қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссияларының хаттамалары ОБ-да сақталады.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
		Басылым 01	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Беті	барлығы
		12	14

8.12. Апелляция процесін жүзеге асырудың толық алгоритмі ҚазСТА академиялық саясатында ұсынылған.

9. ӨЗГЕРІСТЕР

9.1 Осы нұсқаулық жойылғанға немесе жаңасымен ауыстырылғанға дейін жарамды.

9.2 Осы Нұсқаулық ҚР БЖҒМ нормативтік құжаттарына және ЖОО атауы мен оның ережесіне өзгерістер енгізілген жағдайларда ауыстырылуы және қайта бекітілуі қажет.

10. САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы Нұсқаулықтың жазбаша жұмыс көшірмелері барлық проректорларға, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне, эдвайзерлер мен білім алушыларға жіберіледі.

10.2 Нұсқаулықты сақтау, көшіру және тарату жауапкершілігі оқу-әдістемелік бөліміне жүктеледі.



Күні

**Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық
бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша
білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы**

Беті

барлығы	
---------	--

13

14

Факультет деканы _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	ЖН ҚазСТА 3/03-25	
		Күні	
	Бакалавриат студенттері үшін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша білімді бақылауды жүргізу нұсқаулығы	Басылым 01	
		Беті 14	барлығы 14

_____ факультетінің жіберілген/жіберілмеген студенттер контингенті
бойынша статистикалық есеп

Тобы	Студенттер саны	Олардың ішінен		
		жіберілді (студент саны)	Студент саны	жіберілмеді %
1 курс				
Қорытынды:				
2 курс				
Қорытынды:				
3 курс				
Қорытынды:				
4 курс				
Қорытынды:				
Барлығы:				

Тарату: факультеттерге; бітіруші кафедраларға; ОБ; Офис тіркеушісіне.

Қосымша 2

Емтиханға/аралық бақылауға жіберу нысаны

РҰҚСАТ БЕРУ емтихандарға / аралық бақылауға Т. А. Ә. _____ Берілген күні" _____ " _____ 20__ Деканның қолы _____ МП
--